



DEPARTMENT OF
POLITICAL SCIENCE

FOUNDED 1999

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева
Факультет журналистики и политологии
Кафедра политологии

**ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚОҒАМНЫҢ
ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ МОДЕРНИЗАЦИЯСЫ:
ПЕРСПЕКТИВАЛАР МЕН СЫН-ҚАТЕРЛЕР**

Х-шы Халықаралық ғылыми-практикалық
конференция материалдары
5 мамыр 2020 ж.

**СОЦИАЛЬНО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ МОДЕРНИЗАЦИЯ
КАЗАХСТАНСКОГО ОБЩЕСТВА:
ПЕРСПЕКТИВЫ И ВЫЗОВЫ**

Материалы X-Международной
научно-практической конференции
5 мая 2020 г.

Нур-Султан, 2020

УДК 327(063)
ББК 66.4 (0)
С 69

Редакционная коллегия:

Доктор политических наук, профессор **Р.А. Нуртазина**, Казахстан
Доктор политических наук, профессор **Е.В.Матвеева**, Россия
Доктор политических наук, профессор **Хасан Язиджы**, Турция
Депутат VI Созыва Палаты представителей Национального собрания
Республики Беларусь – **Жданович Павел Леонидович**

Организационный комитет конференции: E-mail: polscience323@gmail.com

Информация о конференции на сайте: enu.kz

Рыстина И.С. – доктор PhD, доцент, зав.кафедрой политологии

Копежанова Д.Е.- доктор PhD, доцент кафедры политологии

Болатулы Нуржан – преподаватель кафедры политологии

**«Социально-политическая модернизация казахстанского общества:
перспективы и вызовы».**

Сборник материалов X- Международной научно-практической
конференции. (5 мая 2020 г) – Нур-Султан, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева.

ISBN 978-601-337- 131-3

Сборник материалов международной научно-практической конференции содержит тезисы докладов преподавателей, докторантов PhD, магистрантов в области политических наук. Основная тематическая направленность дискуссионных вопросов отражает аспекты реализации социальной политики государства в условиях глобализации, актуальные проблемы политической науки, философии Абая Кунанбаева в современных социально-политических реалиях, волонтерства в контексте формирования гражданского общества и реализация программы «Рухани жангыру», как новые тренды духовного обновления нации.

В докладах сохранен авторский стиль. Материалы сборника предназначены для широкого круга научной и научно-педагогической общественности, могут быть использованы в теории и практике прикладной политологии и международных отношений.

Ответственность за аутентичность и точность цитат, имен, названий и иных сведений, а также за соблюдение закона об интеллектуальной собственности несут авторы публикаций.

ISBN 978-601-337- 131-3

© Кафедра политологии
ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2020.

8. Cong X., Ma L. (2018) Performance evaluation of public-private partnership projects from the perspective of Efficiency, Economic, Effectiveness, and Equity: A study of residential renovation projects in China // Sustainability: Open Access. 10 (10). 1951. Pp. 1–21.

11. Akintoye A., Beck M., Kumaraswamy M. (2016) Public Private Partnerships: A Global Review. Taylor and Francis, 412 p.

12. Rouboutsos A. (2015) Public Private Partnerships in Transport Infrastructure: An International Review // Transport Reviews. 35 (2). Pp. 111–117.

13. Государственно-частное партнерство. №17-2019.36

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, ғылыми жетекші Нуртазина Р.А. Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Б.О.Ахатаева, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, PhD докторанты.
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

E-mail: magtarh@mail.ru. Тел: 8-707-425-47-70

Әбілхан Тоғжан Әзімханқызы
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің
журналистика және саясаттану факультеті,
саясаттану мамандығының 4 курс студенті
togzhan_abilhan@mail.ru
Нұр-Сұлтан қ, Қазақстан

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЯСИ МЕДИАЦИЯНЫҢ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Annotation. This article describes the development, current state and features of the institution of political mediation in the Republic of Kazakhstan. The country's role in mediation at the national and global levels will be explained, and unique opportunities for peaceful resolution and resolution of problems will be demonstrated. In addition, the need for further development and improvement of Kazakhstan's legislation and State policy in the area of mediation will be analysed in detail.

Қазақстан Республикасы жаһандану процесінің субъектісі ретінде әлемдік деңгейде орын алып жатқан құбылыстардан тыс қала алмайды. Ғылым, технология, ақпараттың жылдам күрделі дамыған заманында орын алып отырған мәселелердің шешімі субъектілердің келісіміне байланысты. Сондықтан саяси медиацияны саяси ғылымның өзекті мәселесі ретінде зерттеудің қажеттілігі туындап отыр.

Соңғы жылдары дауларды шешуде компромисс іздеу қоғамның конфликтсіз дамуын қамтамасыз етуде өзекті және тиімді шешімдердің бірі болуда. Келісімге келудің балама тәсілі елімізде 2011 жылы «Медиация туралы» Заң қабылданғаннан кейін тарала бастады. Медиация рәсімі бойсұну мен көнуге негізделмеген, керісінше екі тарап мүдделерінің қанағаттануы нәтижесінде қол жеткізілген келісімге негізделген.

Қазақстан-2050 стратегиясында Елбасымыз дауларды соттан тыс реттеуге, яғни медиация процесі арқылы реттеуге баса назар аударған болатын. Медиацияның Қазақстанда дамуында Қазақстан Халқы Ассамблеясы маңызды рөл атқарады. ҚХА-ның негізін құрайтын қоғамдық келісімді қамтамасыз ету міндеті медиацияның міндеттерімен тікелей байланысты, сондықтан да Ассамблеяның осы саладағы тиімді жұмысы қазақстандық қоғамда сұранысқа ие болуда. 2018 жылдың сәуір айынан медиацияның маңызды қоғамдық институт ретінде дамуы Қазақстан Халықтар Ассамблеясы қызметінің бір бағытына айналды. Оның барлық құрылымдарының: медиация кеңестері, қоғамдық келісім кеңестері, ғылыми сараптамалық топтар, жастар қозғалысы жұмыстары – даулардың алдын алу мен Қазақстан халқының

**«Қазақстандық қоғамның әлеуметтік-саяси модернизациясы: перспективалар мен сын-қатерлер» атты
X-шы Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы**

бірлігін нығайтуға бағытталған. Бітістірушілік рәсімнің түп-төркіні мен табиғаты біздің халқымыздың менталитетінде жатыр. Яғни қоғамда сыйлы, беделді, парасатты адамның тәжірибесіне жүгіну арқылы дауларды шешу мәдениеті елімізде сонау ғасырлардан бастау алады.

Еліміздегі медиаторлық ұйымдар санының тұрақты өсу тенденциясына қарай отырып, біз осы азаматтық институттың даму қарқындылығы жоғары деп қорытынды жасай аламыз. Мәселен, 2014 жылы дәл осындай 90 ұйым болса, 2018 жылы – 105, ал 2019 жылы – 120 ұйым болды[1].

Осы ұйымдар арасынан еліміздегі кең ауқымға ие, яғни өз тізілімінде медиаторлардың басым көпшілігін қамтитын ұйымдарды атап өтер болсақ: Республикалық «медиацияны дамыту орталығы», Халықаралық құқық қорғау орталығы, «Келісу» кәсіби медиаторлар одағы, Қазақстандық медиация орталығы, «Медиация» медиация мен бітімгершіліктің бірлескен орталығы, «Медиацияны дамыту орталығы» Ассоциациясы және тағы да басқалар. Өз кезегінде, Қазақстан Халықтар Ассамблеясы кәсіби емес медиаторлардың дамуына ықпал етуде. Осылайша, 2017 жылы шамамен 3000-ға жуық кәсіби емес медиаторлар жұмыс істеген болатын. Қазақстан Халықтар Ассамблеясы медиаторларды даярлауда тұрақты жұмыстар жүргізіп, конференциялар, халықаралық форумдар ұйымдастырып, мастер-кластар мен тәжірибе алмасу жұмыстарын жүргізуде. ҚХА кәсіпқой медиаторлық орталықтарымен тығыз байланыста бола отырып, қоғамдағы құқықтық мәдениетті көтеру бойынша бірлескен іс-шараларды ұйымдастыруда. Бүгінгі таңда Ассамблеяның кәсіби емес (қоғамдық) медиаторларының саны 597 адамды құрайды. Бұл тізімге «кең бейінді» медиаторлар емес, «ассамблеялықтар» кіреді. Олардың жұмыстарын келесі мәліметтер арқылы бағалауымызға болады. Сонымен, 2017 жылы 30 057 өтініш келіп түскен болатын, 2018 жылы – 33 255, ал 2019 жылдың бірінші жартыжылдығында – 16 217 өтініш келіп түсті, оның 50%-ы медиациялық рәсім арқылы келісімдерге келген болса, қалған мәселелер консультация сатысында шешілген болатын[2].

Қазіргі таңда медиация тұрмыстық жанжалдардан басталып, білім жүйесіндегі даулар мен денсаулық сақтау саласындағы, коммерциялық және әлеуметтік салалардағы күрделі көпжақты қақтығыстарға дейінгі даулы мәселелерді шешуде қолданылады. Жанжалдың табиғаты айқын емес, ол қазіргі медиация қажеттілігін сипаттайды.

Медиациямен шешіліп, бітетін істер Еуропа елдерінде 70-80%-ды, ал Ұлыбританияда 89%-ды құрауы мемлекетіміздің бұл салада қаншалықты артта қалғандығын көрсетеді.

1 – кесте

Шетелдердегі конфликтіні медиация рәсімімен шешу үлесі

Ұлыбритания	АҚШ	Қытай	Еуропа елдерінде	Қазақстан
89%	90%	30%	70-80%	10%
<i>Ескерту - дерек-көздерге негізделіп құрылған [3]</i>				

Шет мемлекеттер тәжірибесі көрсеткендей, медиация институтының дамуы қоғамға оң әсерін тигізеді және көп түйткілді мәселенің шешімін тауып, алдын алуға септігін тигізеді. Сол себепті де елімізде медиация институтын одан әрі дамытуға қоғам да, мемлекет те мүдделі. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында медиация институты даму үстінде. Бұл тұжырымды дәлелдеу үшін статистикалық деректерді келтірсек.

2 – кесте

Нұр-Сұлтан қаласындағы ірі медиациялық орталықтар мен медиаторлар саны

**«Қазақстандық қоғамның әлеуметтік-саяси модернизациясы: перспективалар мен сын-қатерлер» атты
X-шы Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы**

Медиация орталықтарының атауы	Кәсіби медиаторлар саны	Сайты
«Халықаралық құқық қорғау орталығы» ҚҰ	31	http://www.mpc-info.kz/kk/
«Келісім» халықаралық медиация және құқық орталығы	11	http://mediation-soglasie.vprave.kz
«Astana- zangerlik jane mediatsiia ortalogy»	9	www.azjmo.kz
«Медиацияны дамыту орталығы» РҚҰ	89	http://mediator-kz.com/

Кестеден көріп тұрғанымыздай, елімізде медиаторлық орталықтардан ең ауқымдысы, медиаторлардың басым көпшілігін қамтитын ұйым «Медиацияны дамыту орталығы» РҚҰ. Бұл қоғамдық ұйым қазіргі таңда елімізде ең ірі, белсенді, қарқынды жұмыс атқарып жатқан қоғамдық бірлестіктің бірі болып табылады. Оның жұмысын біз мына келтірілген статистикалар арқылы бағалауымызға болады.

«Медиацияны дамыту орталығы» РҚҰ құрамы 1700-ге жуық кәсіби медиаторлардан тұрады. Өзінің қызметі барсында:

- 894 дөңгелек үстелдер ұйымдастырды
- 406 меморандумға қол қойылды
- 50-ден астам алаң
- 1000-нан астам өткізілген семинарлар
- 126-дан астам телеарналарға берілген сұхбаттар
- БАҚ 160-тан астам мақалалар жарияланды
- 689 халықпен кездесу өткізді
- 184 ашық есіктер күнін ұйымдастырды[4].

3 – кесте

РҚҰ «Медиацияны дамыту орталығының» медиация процесі арқылы шешілген істердің статистикасы

	Қылмыстық істер	Азаматтық істер	Әкімшілік істер	Еңбек дауы	Отбасылық медиация	Жалпы медиация саны	Сотқа дейінгі медиация	Сот медиациясы
2014	545	551				1096		
2015	408	1852				2260		
2016	1164	4989				6143		
2017	4197	7298	1435	1466		15026		
2018	5317	12411	3269	4393	4314	29704	16241	10171
						54229		

Ескерту - дерек-көздерге негізделіп құрылған [5]

Көріп отырғанымыздай, РҚҰ «Медиацияны дамыту орталығымен» елеулі жұмыстар атқарылған. Медиация процесі арқылы шешілген істердің динамикасы жыл санап өсуде.

Қорытындылай келе, бүгінгі таңда бітімгершілік аясын кеңейтіп, халықтың медиация саласындағы сауатын арттырып, қоғамдағы шиеленістердің болмауы үшін заң қарқынды түрде жұмысын жалғастыруы керек деп ойлаймын. Қазіргі заманда өзін-өзі реттеу тетіктері қоғамдық қатынастар субъектілерінің мінез-құлық ережелерін өз бетінше белгілеп және олардың сақталуын бақылайтындай мүмкіндігі бар ерекше маңызға ие болады. Қазақстан Республикасының 2010-2020 жылдарға арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасында құқықтық жүйені жетілдірудегі маңызды қадамдардың бірі сот ісін жүргізуде уақытты жоғалтудан, қосымша және негізсіз шығыстардан айыруға мүмкіндік беретін медиация институты болып табылады.

Жұмысты қорытындылай келе, төмендегідей ұсыныстарды қорғауға шығаруымызға болады:

- Медиаторлық орталықтардың бірыңғай байланыс желісін құру; (азаматтардың кез-келген сұрақтар бойынша телефон қоңырауы арқылы консультациялар алуы)
- Медиация саясатының жүргізудің маңыздылығын ескеріп, заңда медиаторлар дәрежесін нақты айқындауды және өзгерістер енгізуді ұсынамыз;
- Билік органдарына медиаторлар жұмыстарын белсендендіру мақсатында медиаторлық орталықтар қызметін жандандыруды ұсынамыз, бұл медиаторлардың аймақтағы заңдылығын жоғарылатады.
- Медиациялық орталықтардың атқарылып жатқан жұмыстарын және жүзеге асырылып жатқан бағдарламаларын кең ауқымда БАҚ-ы арқылы белсенді түрде насихаттауды жүргізу қажет. Себебі халықтың басым көпшілігінің хабардар болуының арқасында біз көп мәселелердің алдын алатын боламыз. Сонымен қатар азаматтық қоғамның дамуына тиімді жағдай жасайтын боламыз. Сол себепті медиация рәсімі қызметіне деген халықтың қызығушылығын арттыру және жағымды имиджді қалыптастыру мақсатында БАҚ-ы мен әлеуметтік желі байланыстарын пайдаланып, тиімді шаралар қолдануды ұсынамыз.
- Шетел тәжірибелерімен алмаса отырып, жанжалды шешудің балама тәсілдері – медиацияны ғылыми тұрғыдан жетілдіру үшін әдістемелік базаны нығайтып, оқулықтар басып шығару, сондай-ақ ЖОО -да кәсіби медиаторларды дайындауды ұсынамыз.
- Сонымен бірге, «Саясаттану», «Халықаралық қатынастар», «Қоғаммен байланыс» секілді т.б. мамандықтары бойынша «Медиация» пәнін білім беру бағдарламасына қосып, оқытуды ұсынамыз. Себебі бұл сауатты кадрлардың қалыптасуы мен саяси мәдениеттің жоғарылауына мүмкіндік жасайды.

Сөз соңында айтарымыз, Елбасы медиация мәселесіне үлкен зер салып, медиация тәсілі адам құқықтарының ең қымбат қазынасы ретінде қастерлейтін мемлекеттің алғышарты болуы керек екендігін айтқан болатын. Сондықтан, елдегі медиация институтының дамуына мемлекеттік билік органдары барынша қолдау көрсетіп, институттың кең құлаш жаюына ықпал етуі қажет. Өйткені медиацияның біздің елімізде болашағы зор. Оны бірдеңгейде қолдасақ, халқымызға игі әсерін тигізері анық.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 «Медиация: от компромисса – к соглашению», Рахимзаде И. 05.08.2019. <https://kazpravda.kz/articles/view/mediatsiya-ot-kompromissa--k-soglasheniю>
- 2 «Медиация: от компромисса – к соглашению», Рахимзаде И. 05.08.2019. <https://kazpravda.kz/articles/view/mediatsiya-ot-kompromissa--k-soglasheniю>

3 Интернет-ресурс. «Сравнение использования процесса медиации в Англии и Кении», автор - IQ Decision / 15.04.2020 <https://iqdecision.com/sravnenie-ispolzovanija-processa-mediacii-v-anglii-i-kenii/>

4 International Mediation Centre (IMC), <https://mediator-kz.com/?p=1452>

5 International Mediation Centre (IMC), <https://mediator-kz.com/?p=1452>

Ғылыми жетекші - Көпежанова Д. Е. PhD докторы

УДК 070.378 (075.8)

Байбисенова Гаухар
Магистрант Специальности «Политология»
ЕНУ им. Л.Н.Гумилева
Baibisenova@mail.ru
г.Нур-Султан, Казахстан

ГОСУДАРСТВЕННАЯ ИНФОРМАЦИОННАЯ ПОЛИТИКА

Ключевые слова: *информационная политика, конфликт, электронные СМИ*

Information is knowledge, a form of motion of matter that can be used to carry out control.

Keywords: *information policy, conflict, electronic media*

Государственная информационная политика оказывает комплексное влияние на развитие государства, общества, государственно-общественных отношений. Кроме того, она стимулирует развитие общественных организаций и их социальную деятельность.

Таким образом, под этим определением, понимается комплекс мер правового, политического, организационного характера, который направлен на получение гражданами информации [1].

Существуют такие аспекты государственной политики, как:

1. Технологический аспект заключается в регулировании компонентов развития информационной среды в целом.

2. Содержательный аспект направлен на развитие приоритетов коммуницирования участников социально-политических процессов.

Среди объектов государственной информационной политики находятся: во-первых, СМИ, относящиеся к разряду печатных: общественно-политические печатные газеты и журналы; во-вторых, электронные СМИ, такие как: интернет - ресурсы, новостные порталы сети интернет; в-третьих, информационная безопасность.

Среди основных объектов государственной информационной политики первоочередную роль играет защита общественной психологической безопасности от инородного вмешательства.

Под ним понимается - воздействие деструктивного плана на психологию и сознание населения.

Когда-то была высказана знаменитая фраза о том, что тот, кто владеет информацией, тот владеет всем миром.

Действительно, именно информация, оказывает влияние на сознание, психику человека, может формировать его ключевые установки.

В целом, информационную политику рассматривают, как инструмент психологического воздействия, как средство достижения поставленных политических задач.